

**Әбілқас Сағынов атындағы  
Қарағанды техникалық университеті  
Ғылыми кеңесінің шешімімен  
бекітілді  
29.08.2023 ж.  
(№1 хаттама)**

**2023-2024 оқу жылына  
Әлімхан Ермеков атындағы  
стипендияны тағайындау ережесі**

**1.** Осы ереже саяси қуғын-сүргінге, оның ішінде Қазақстан бостандығы, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін күресте ерлік көрсеткендерге қатысты құрбандардың есімін мәңгілік есте қалдыру мақсатында «Әлімхан Ермеков және Қазақстандық мемлекеттіліктің қалыптасуы» тақырыбындағы халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференцияның аясында құрылған Әлімхан Ермеков атындағы стипендияны тағайындау тәртібін айқындайды.

**2.** Стипендия Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ-дың күндізгі бөлімінде мемлекеттік грант негізінде де, ақылы негізде де оқитын, білім беру саласында елеулі жетістіктері бар 2-4(5) курс студенттеріне (GPA кемінде 3,0) және ғылыми-зерттеулер жүргізген студенттерге тағайындалады.

**3.** Стипендияны тағайындау Ректор стипендиясын тағайындау жөніндегі комиссияның және Ғылыми кеңестің шешімі негізінде Әбілқас Сағынов атындағы ҚарТУ Басқарма төрағасы-ректордың бұйрығымен жүзеге асырылады.

**4.** Стипендияға үміткерлер комиссияға жеке жетістіктер портфолиясын ұсынады. Портфолиоға факультет кеңесінің ұсынымдарының түпнұсқасы, оқу жылының барлық кезеңіне транскрипт, сондай-ақ хаттардың, дипломдардың, алғыс хаттардың, сертификаттардың, ғылыми жарияланымдардың және талапкерлердің жетістіктерін растайтын басқа да құжаттардың көшірмелері болуы керек.

**5.** Комиссия әрбір үміткерді критерийлерге сәйкес бағалайды (Қосымша 1).

**6.** Стипендия оқу семестріне тағайындалады.

**7.** Стипендия саны – 1.

**8.** Стипендия мөлшері – 41 898 теңге.

**9.** Стипендия бір адамға бірнеше рет берілуі мүмкін.

**10.** Стипендия оқу семестрінде ай сайын Университеттің бюджеттен тыс қаражат есебінен төленеді.

**Әлімхан Ермеков атындағы  
стипендияға өтініш берушілерді  
бағалау критерийлері**

| <b>№</b> | <b>Орындалған жұмыстың сипаттамасы</b>                           | <b>Баллдар саны</b> |
|----------|--|---------------------|
| 1        | Қала деңгейінде іс-шаралар ұйымдастыру                           | 15 балл             |
| 2        | Университет ішінде іс-шаралар ұйымдастыру                        | 10 балл             |
| 3        | Факультет ішінде іс-шаралар ұйымдастыру                          | 5 балл              |
| 4        | Республика деңгейіндегі іс-шараларға қатысқаны үшін              | 15 балл             |
| 5        | Облыс деңгейіндегі іс-шараларға қатысқаны үшін                   | 10 балл             |
| 6        | Қала деңгейіндегі іс-шараларға қатысқаны үшін                    | 7 балл              |
| 7        | Университет ішіндегі іс-шараларға қатысқаны үшін                 | 5 балл              |
| 8        | Факультет ішіндегі іс-шараларға қатысқаны үшін                   | 2 балл              |
| 9        | Халықаралық журналда мақала жариялағаны үшін                     | 10 балл             |
| 10       | Республикалық журналда мақала жариялағаны үшін                   | 7 балл              |
| 11       | Аудандық журналда мақала жариялағаны үшін                        | 5 балл              |
| 12       | Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысқаны үшін      | 10 балл             |
| 13       | Республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысқаны үшін    | 7 балл              |
| 14       | Аудандық ғылыми-практикалық конференцияға қатысқаны үшін         | 5 балл              |
| 15       | Республикалық дәрежедегі алғыс хаттар, мадақтамалар, грамоталар  | 15 балл             |
| 16       | Облыстық дәрежедегі алғыс хаттар, мадақтамалар, грамоталар       | 10 балл             |
| 17       | Қалалық дәрежедегі алғыс хаттар, мадақтамалар, грамоталар        | 7 балл              |
| 18       | Университеттік дәрежедегі алғыс хаттар, мадақтамалар, грамоталар | 5 балл              |